



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 20-27 қаңтар аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2023 жыл, 30 қаңтар

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 27 қаңтарда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,5%-ға (462,55 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 460,43 теңгені құрады.

2023 жылғы 20-27 қаңтар аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Осылайша, АҚШ Сауда министрлігінің мәліметі бойынша, елдің ЖІӨ 2022 жылдың соңғы үш айында жылдық есептеуде 2,9%-ға өсті. Сонымен бірге, АҚШ ФРЖ төрағасы Джером Пауэлл жалақы динамикасын қызметтер бағасын өсірудің негізгі себептерінің арасында бөліп, инфляция болжау кезінде негізгі фактор ретінде атап өтті. Желтоқсанда жалақының өсу қарқынының бірден бәсеңдеуі ФРЖ үшін үміт белгісі болды, яғни, жалақының орташа жылдық өсуі өткен айдағы 7,6%-бен салыстырғанда 7,3%-ды құрады. Жұмыссыздық деңгейі тарихи төмен 3,7% деңгейінде болды. Жоғарыда аталған факторлар дамушы нарықтардағы валюталардың әртүрлі бағыттағы динамикасына алып келді.


Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының¹ динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- **Бразилия реалы** дамыған елдердің облигациялары кірістілігінің төмендеуіне байланысты шетелдік капиталдың әкелінуі аясында 1,9%-ға (5,21-ден 5,11-ге дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** инвесторлардың тәуекел дәрежесінің артуы аясында 0,6%-ға (15075-тен 14986-ға дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** жаһандық тәуекел-сентиментінің артуы аясында 0,5%-ға (18,87-ден 18,77-ге дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** 0,2%-ға (18,77-ден 18,81-ге дейін) әлсіреді. Губернатор Сахап Кавчиоглы Түркиядағы инфляция биыл 22,3% деңгейінде қалыптасып, 2024 жылы 8,8%-ға дейін бәсеңдеуге тиіс екендігі жөнінде хабарлады;
- **Оңтүстік Африка ранды** Орталық банктің негізгі мөлшерлемені 7,25%-ға дейін 25 б.т. арттырғанына қарамастан, 0,4%-ға (17,13-тен 17,19-ға дейін) әлсіреді;
- **үнді рупиясы** импорттаушылар тарапынан сұраныстың өсуі аясында 0,5%-ға (81,13-тен 81,52-ге дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** қаңтарда салық кезеңінің аяқталуы аясында 0,9%-ға (68,83-тен 69,46-ға дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары


Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2023 жылдың басынан бастап 27 қаңтарға дейінгі аралықта)





Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2023 жылғы 20-27 қаңтар аралығында)



**Дамушы елдердегі валюталардың динамикасы
(2022 жылғы 13 қаңтар = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz